

Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «ORKEN2018» жеке меншік мекемесі

Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Куралай Зекенқызы Даримбаева

2. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Қарағанды обл., Қарағанды к., Қазыбек би атындағы аудан, Кеншілер даңғылы, 70-248

3. Мемлекеттік гранттың басым бағыты: Мемлекеттік тілді дамыту

4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасы

5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылғы 01 қыркүйектен 29 қараша аралығы

6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 7 000 000 (жеті миллион) теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1-міндет. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен әдебиетті дәріптеу мақсатында Қарағанды облыстық «Үлгілі отбасы» конкурсын өткізу

1-іс-шара: Мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Үлгілі отбасы» байқауын өткізу

«Үлгілі отбасы» облыстық байқауы ү.ж. 16 қазанда өтті. Байқауға өңірлерде өткен «Үлгілі отбасы» байқауының жеңімпаздары мен Қарағанды облысы аумағында тұратын толық отбасынан құралған командалар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың ұсынуы бойынша қатысты. Байқауға қатысушы отбасылардың өнерін бағалау және қорытынды кезеңге өткен отбасыларды анықтау үшін қазылар алқасы құрылды.

Облыстық деңгейде өткен байқауға облыс аумағындағы қала және аудандардан келген толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалары мен немерелері) құралған командалар (7 отбасынан 64 адам), 186 адам көрермен ретінде қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орынға ие болған 7 отбасы дипломдармен, алғыс хаттармен және арнайы жүлде қоры көрсетілген сертификатпен марапатталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 3 мақала, 2 телеарна сюжеті, әлеуметтік желіде 30-дан артық пост, сондай-ақ іс-шараның өтетіндігі жөнінде афиша жарияланды.

2 міндет. «Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль өткізу

1-іс-шара: Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылығын арттыру, басқа ұлт өкілдерінің балаларын тарта отырып, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту мақсатында Қарағанды облысында «Бала тілі – бал» тақырыбында фестиваль өткізу

(4 жастан 6 жасқа дейін, мектепке дейінгі ұйымдардан кемінде 10 шығармашылық ұжым дербес меншік нысанынан және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан).

«Бала тілі – бал» фестивалі үж. 23 қазанда өтті. Фестиваль 2 кезеңнен тұрды. 1-кезеңде шығармашылық ұжым Ережедегі тақырыптардың бірін тандап, өз өнерлерін YouTube желісіне жүктеді. 16 шығармашылық ұжымның YouTube желісіне жүктеген бейнероликтері қазылар алқасы арасында оң пікірге ие болып, көрермендер арасында қолдау тапты. Қазылар алқасының шешімімен іріктеу кезеңнен өткен 10 шығармашылық ұжым қорытынды кешке қатысып, өздерінің туған жеріне, тіліне, мәдениетіне деген сүйіспеншілігін көрермендерге паш етті. Фестивальге қатысқан әр шығармашылық ұжым дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды, ал бүлдіршіндерімізді дайындаған жетекшілер алғыс хатпен марапатталды. Жалпы қатысушы саны - 253.

«Тіл - қазына» әлеуметтік жобасы аясында «Бала тілі - бал» фестивалін өткізуге тартылған мамандар:

1. «Наз» би ансамблі – имидждік топ қызметі.
2. Райхан Білқасова – Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жүргізушісі, байқау жүргізушісі.
3. Ербол Алшынбаев – Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисі, «Бала кезді сағындым» әнін орындаушы.
4. Гүлмира Серікқызы – Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисі, «Балдаурен» әнін орындаушы.
5. Алмагүл Шәметқызы Құсайынова – Теміртау қаласының қыздар гимназиясының директоры, фестивальдің тұжырымдамасы мен сценарийін әзірлеуші маман.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы. Жобаны жан-жақты таныстыру презентациясы мен жобаны қорытынды презентациясы өткізілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

«5 канал» (Қарағанда), SARYARQA, «TV1» телеарналарында 4 сюжет жарияланды. БАҚ-та 5 мақала жарияланды.

1. Бала тіліндегі құндылық - <https://ortalyq.kz/bala-tilindegi-ndyly-osy-6/>
2. Бала тілі – бал» фестивалі - <https://qaragandyhabary.kz/bala-tili-bal-festivali/>
3. Үлгілі отбасы – тәуелсіз елдің тірегі <https://ortalyq.kz/lgili-otbasv-t-uelsiz-eldi-tiregi/>
4. Аймақтың үлгілі отбасы анықталды - Qaragandy Habary - №42 (177) 24 қазан 2024 жыл
5. Жас бөрілердің жарысы - Ortalyq Qazaqstan - №109 (23 431).

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:	- ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен әдебиетті дәріптеу - мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, басқа ұлт өкілдерінің балаларын тарта отырып, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:	- «Үлгілі отбасы» байқауын өткізу арқылы отбасылық құндылықтар дәріптеліп, өткен күн мен бүгінгі күнді ұштастыра отырып, асыл мұрамыз болып сақталған ұлт қазынасы ұлықталды, сондай-ақ бала тәрбиесіндегі ата-ананың, немере тәрбиесіндегі ата мен әженің ролін көрсету арқылы тәрбиенің тал бесігі отбасы екені айқын көрсетілді, қоғамға үлгі болып жүрген 7 отбасы сахна төрінде өз

өнерлерін көрермендерге паш етті.									
- «Бала тілі – бал» фестивалін өткізу арқалы Қарағанды қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бүлдіршіндер арасында қазақ тіліне, туған жеріне деген құрмет қалыптасты, мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық артты, сондай-ақ іс-шара бүлдіршіндердің шығармашылық және зияткерлік әлеуетінің дамуына өзіндік үлесін қосты.									
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылар саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тіл мен әдебиетті дәріптеу мақсатында	1. Мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрді насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында елге, жерге, тілге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Үлгілі отбасы» байқауын өткізу	16 қазан	Қарағанды қ., Жаңа Майқұдық МУ	250 адам	«Бала тілі – бал» фестивалі ү.ж. 23 қазанда өтті. Фестиваль 2 кезеңнен тұрды. 1-кезеңде шығармашылық ұжым Ережедегі тақырыптардың бірін таңдап, өз өнерлерін YouTube желісіне жүктеді. 16 шығармашылық ұжымның YouTube желісіне жүктеген бейнероликтері қазылар алқасы арасында оң пікірге ие болып, көрермендер арасында қолдау тапты. Облыстық деңгейде өткен	«Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ-мен іс-шаралар тұжырымдамасын бекіту	1	1	
Қарағанды облыстық «Үлгілі отбасы» конкурсын өткізу						Команда саны (командалар құрамы туралы ақпарат, аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы)	7	7	
						Қазылар алқасының құрамы (тапсырыс берушімен келісу арқылы)	5	5	
						Іс-шараға қатысушылар/көрермендер саны (растаушы құжат)	Кемінде 250 адам	250	
						БАҚ-та жарияланым	3	3	
						Әлеуметтік желіде жарияланым	25	31	
						Телеарнада сюжет	2	2	

байқауға облыс аумағындағы қала және аудандардан келген отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалары мен немерелері) құралған командалар (7 отбасынан 64 адам), 186 адам көрермен ретінде қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша жүлделі орынға ие болған 7 отбасы дипломдармен, алғыс хаттармен және арнайы жүлде қоры көрсетілген сертификатпен марапатталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 3 мақала, 2 телеарна сюжет, әлеуметтік желіде 30-дан артық пост, сондай-ақ іс-шараның өтетіндігі жөнінде афиша жарияланды.				байқау ережесі	1	1
				байқау сценарийі	1	1
				Музыкалық нөмір	2	2
				Фото-бейнеролик / (фото диск)	15	15
				байқау қорытындысы туралы презентация	1	1
				Диплом / алғыс хат (дизайн)	1	1
				Жүлде қоры (жүлде қорын табыстау актісі)		
				Жүлде қорын табыстау актісі (ведомость)	Бас жүлде - 1 000 000 тг; I орын- 700 000 тг; II орын- 500 000 тг; III орын- 300 000 тг; 3 ынталандыру жүлдесі -	Бас жүлде - 1 000 000 тг; I орын- 700 000 тг; II орын- 500 000 тг; III орын- 300 000 тг; 3 ынталандыру жүлдесі -

						жүлдесі - 100000 тг.	100000 тг.	
2 міндет. «Бала тілі – бал» тақырыбы нда фестиваль өткізу	1. Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін ояту, мемлекеттік тілді үйренуге қызығушыл ығын арттыру, басқа ұлт өкілдерінің балаларын тарта отырып, шығармашы лық және зияткерлік әлеуетті дамыту мақсатында Қарағанды облысында «Бала тілі – бал» тақырыбынд а фестиваль өткізу (4 жастан 6 жасқа дейін,	23 қазан	Қарағанды қ., «Кәусар» оқушылар сарайы	250	Фестивальге Қарағанды қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бүлдіршіндері қатысты. Жалпы 16 балабақшадан өтінім келіп түсті. Қазылар алқасының шешімімен 10 шығармашылық ұжым іріктеп алынды. Қорытынды кезеңде өнер көрсеткен 10 бөбекжай ұжымы дипломдармен, алғыс хаттармен және арнайы сыйлықпен марапатталды. «Тіл - қазына» әлеуметтік жобасы аясында «Бала тілі - бал» фестивалін өткізуге тартылған мамандар: 1. «Наз» би ансамблі – имидждік топ қызметі. 2. Райхан Білқасова – Қали	«Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ-мен іс- шаралар тұжырымдамасын бекіту Команда саны (команда лар құрамы туралы ақпарат, аты-жөні, байланыс нөмірі, қолы) Қазылар алқасының құрамы (тапсырыс берушімен келісу арқылы) Іс-шараға қатысушылар /көрсеткіш саны БАҚ-та жарияланым Телеарнада сюжет Фестиваль ережесі Фестиваль сценарийі Музыкалық нөмірді орындаушылар тізімі (2 ән) Фото -бейнеролик/фото- диск	1 10 5 Кемінде 250 3 2 1 1 1 1 1	1 10 5 253 3 2 1 1 1 1

	мектепке дейінгі ұйымдардан кемінде 10 шығармашылық ұжым дербес меншік нысанынан және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан).				Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің жүргізушісі, байқау жүргізушісі. 3. Ербол Алышбаев – Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисі, «Бала кезді сағындым» әнін орындаушы. 4. Гүлмира Серікқызы – Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің солисі, «Балдаурен» әнін орындаушы. 5. Алмагүл Шәметқызы Құсайынова – Теміртау қаласының қыздар гимназиясының директоры, фестивальдің тұжырымдамасы мен сценарийін әзірлеуші маман.	Байқау қорытындысы туралы презентация Жүлде қоры табыстау актісі (ведомость) Диплом / алғыс хат (дизайн)	1 1 1	1 1 1	
	Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерін қорытынды жария презентация	Жобаның таныстырылымы Жобаның қорытындысы	Қыркүйек Қараша		Жобаны жан-жақты таныстыру презентациясы мен жобаны қорытынды презентациясы өткізілді.	Жобаны жан-жақты таныстыру презентациясы Жобаны қорытынды презентациясы	1 1	1 1	

	сы								
	Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Мақала Әлеуметтік және Телеарна да сюжет				Жалпы БАҚ-та 5 мақала жарияланды. Телеарнада 4 сюжет жарияланды.	БАҚ-та мақала жариялау Жарияланым пост / рилс Телеарнада сюжет	5 30 4	5 30 4

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:
 Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында жоспардан ауытқу болған жоқ. Жоспарланған нәтижелерге толықтай қол жеткізілді.

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	500	503
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	2000	3500
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	0	0
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	4	4
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	1	1
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	0	0
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	0	0
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	100%	100%
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	6	6

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

1) «Үлгілі отбасы» облыстық байқауын өткізу

Жоба мақсатына сәйкес «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы үж. 16 қазанда Қарағанды қаласында өткізілді. Байқау тұжырымдамасы «Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ-мен келісілді. Облыстық газет бетіне Байқаудың өтетіндігі жөнінде хабарландыру берілді. Байқаудың мақсаты - отбасында мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау әрі жаңғырту арқылы өскелең ұрпақ арасында еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Байқауға облыс аумағындағы қала және аудандардан келген толық отбасы мүшелерінен (ата-ана, ата-әже, балалар мен немерелер) құралған командалар қатысты. Байқауға 11 отбасынан өтінім келіп түсті, оның ішінде 7 отбасы қазылар алқасының шешімімен іріктеуден өтіп, қорытынды кезеңге жолдама алды. Қорытынды кезеңде әр отбасы ббайқау ережесіне сай өз білімдері мен өнерлерін көрермендерге паш етті. 7 отбасы дипломдармен, алғыс хаттармен және арнайы ақшалай сыйлықпен марапатталды. Бұқаралық ақпарат құралдарында 3 мақала, әлеуметтік желіде 31 пост жарияланды, сондай-ақ жергілікті телеарналарда 2 сюжет көрсетілді.

2) «Бала тілі – бал» тақырыбында фестивалін өткізу

Жоба мақсатына сәйкес «Бала тілі – бал» фестивалі үж. 23 қазанда Қарағанды қаласында өтті. Фестиваль тұжырымдамасы «Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы» ММ-мен келісілді. Фестивальге Қарағанды қаласындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан 16 өтінім келіп түсті. Қазылар алқасының шешімімен Фестиваль ережесіне сай 1-кезеңде берілген тақырыптардың бірін тандап, өз өнерлерін көрсетіп, оны YouTube желісіне жүктеген 10 шығармашылық ұжым іріктеліп алынды. Іріктеу кезеңінен өткен 10 ұжым қорытынды кеште өз өнерлерін сахна төрінде көрсетті. Фестивальге қатысқан әр шығармашылық ұжым дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды, ал бүлдіршіндерімізді дайындаған жетекшілер алғыс хаттармен марапатталды.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

(жособаға дейінгі ахуал мен жособа аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жособа шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

«Жетістік тарихы» - бұл әлеуметтік жобаның қандай да бір нақты жағдайда (белгілі бір қызмет алушының өмірінде) қалай көмектескенінің қысқаша (5-8 сөйлем) мысалы;

Жетістік тарихын жарияланымдарда, сондай-ақ әлеуметтік жобаның нәтижелерін одан әрі ұзақ мерзімді бақылау үшін пайдалануға болады. Жетістіктің қысқаша тарихы келесі бөліктерді қамтуы керек: әлеуметтік жобаның басындағы жағдай; әлеуметтік жобаның жағдайға әсері әсер ету нәтижесі болып табылады.

Сондай-ақ жетістік тарихында оның байланыс деректерін қоса отырып, белгілі бір қызмет алушының кері байланысы болғаны жөн.

Фестиваль барысында балалар қазақ тілінде әндер орындап, тақпақтар айтып, өздерінің қабілеттерін көрсетті. Бұл жоба аясында балалар мен олардың ата-аналарының қазақ тіліне деген көзқарасы айтарлықтай өзгеріп, мемлекеттік тілдің маңыздылығы туралы түсінік нығайды.

Әлеуметтік жобаның жағдайға әсері ету нәтижесі: «Бала тілі -бал» фестивалінің тұжырымдамасына сәйкес алдын-ала берілген тақырыптардың қызықты әрі танымдық сипатта болуының арқасында өзге ұлт өкілдері балалары мен педагогтерінің ақырындап тартылуы, жобаның жұмыс жасау аясының кеңеюіне алып келді. Фестиваль тұжырымдамасы балалар мен педагогтардың қызығушылығын оятуға бағытталған бірнеше жаңашыл әдістермен толықтырылды. Алдын ала берілген тақырыптар – «Менің Отаным – Қазақстан», «Достықтың

күші», «Ана тілі – мәңгілік мұра» сияқты танымдық мазмұндағы атаулар шығармашылық ұжымдардың назарын аудартты. Сонымен қатар, ұйымдастырушылар қатысушыларға еркіндік беріп, қазақ тілі арқылы әр баланың өз қабілетін көрсетуіне мүмкіндік жасады.

Қазына Оразалықызы Жылқыбаева, Абай ауданы білім бөлімінің «Ақерке» бөбекжайы директорының міндетін атқарушы, 87788482160

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде): Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
503	320	183

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жасан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
503	157	167	20	100	0	29	0	10	3	17

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
503	11	30	139	104	98	104	17

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, саналық өзгерістерді сипаттай отырып):

Өскелец ұрпақты, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Балаға дұрыс тәлім-тәрбие беру ұлттық құндылықтардан бастау алады. Ал ұлттық құндылықтарға қанық болып өскен баланың ұстанымы мықты болады. Отанның ұлы ұғым екенін ұғынып, елінің қорғанына айналады. Сондықтан жас ұрпақтың тілін дамыту, туған жерге деген құрметін арттыру, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, адал, саналы, жасампаз азамат тәрбиелеу мақсатында «Бала тілі – бал» фестивалі өткізілді. Фестивальге қатысқан мектеп жасына дейінгі балалар, оның ішінде өзге ұлт өкілдерінің бүлдіршіндері өз өнерлерін театрландырылған

қойылымдар арқылы туған өлкенің тарихына, тіліне, табиғатына, мәдениеті мен бай мұраларына деген сүйіспеншіліктерін дәріптей отырып, көрермендерге жеткізе білді (10 ұйымнан 60 бала қатысты).

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір сападағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*

Статистика бойынша 3-4 жастағы балалар күніне 12 000 сөз айтса, шамамен 900 сұрақ қояды екен. Яғни бұл - айналаны танып келе жатқан бүлдіршін ақпаратты тез қабылдап, санасына тез сіңіреді дегенді білдіреді. Сол себепті де «Бала тілі – бал» фестивалінің балалар үшін тәрбиелік маңызы зор іс-шара болғанына еш күмәніміз жоқ.

- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы*

Жоба мақсатына сәйкес «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы Қарағанды облысы аумағында осымен 3 жыл қатарынан өтіп келеді. Жылдан-жылға байқауға қатысушы отбасыларының дайындық деңгейі жоғары. Атап айтсақ, биыл байқаудың қорытынды кезеңінде әр отбасы мүшесі қатысты. Яғни «Аталар сайысында» әр отбасының атасы мен немересі, «Әжелер сайысында» әр отбасының әжесі мен келіндері сахнаға шығып, өз білімдері мен өнерлерін ортаға салды.

Жобаны жан-жақты таныстыру мақсатында ү.ж. 2 қыркүйекте мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының шығармашылық тобымен онлайн форматта кездесу өтті. Кездесу барысында «Тіл - қазына» әлеуметтік жобасы аясында іске асырылатын «Бала тілі - бал» фестивалінің тұжырымдамасы талқыланды. Сондай-ақ қатысушылар іс-шараны ұйымдастыру және өткізу кезеңінде ескерілуі тиіс шараларға тоқтала отырып, өз пікірлерімен бөлісті (презентация қоса беріледі).

Жобаны қорытындылау мақсатында ү.ж. 22 қарашада «Үлгілі отбасы» облыстық байқауының жеңімпаздары мен «Бала тілі - бал» фестиваліне қатысқан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының казак тілі мұғалімдері онлайн форматта кездесу өтті. Кездесу барысында жоба менеджері Гүлназ Мұстағұлова қорытынды презентациямен таныстырды, ал қатысушылар өз кезегінде Жоба аясында өткен іс-шаралардың жоғары деңгейде өткенін атап өтті, сондай-ақ болашақта ескерілсе екен деген өз ұсыныстарын да жеткізді (презентация қоса беріледі).

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?

1) «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ

«Тіл - қазына» жобасы аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру барысында өңірлердегі әкімдіктермен байланыс Облыстық тілдерді дамыту басқармасы арқылы жүзеге асырылды. Жоба аясында өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттар мен посттар Басқарманың ресми сайты мен әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып отырды.

2) «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ

«Тіл - қазына» жобасы аясында өткен «Бала тілі - бал» фестивалін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен байланыс Облыстық білім басқармасы арқылы жүзеге асырылды. Фестивальге көрермендер ретінде білім беру ұйымдары мен колледж студенттерін қамтамасыз етті.

3) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы бас серіктес ретінде Жоба аясында өткен іс-шаралардың жоғары деңгейде іске асылуына қолдау көрсетті. Қоғамның аудандық және қалалық филиалының төрағалары өңірлерде өткен «Үлгілі отбасы»

байқауында қазылар алқасының мүшесі қызметін атқарды. Облыстық байқауға Қарағанды облыстық филиалының төрағасы өз атынан сый тағайындады.

4) «Кәусар» оқушылар сарайы» КММ

«Бала тілі - бал» фестивалі «Кәусар» оқушылар сарайы» КММ-нің қолдауымен Оқушылар сарайының акт залында тегін өткізілді.

5) «Сауатқа Ақпарат» медиахолдингі

Жобасы аясында жүзеге асырылған іс-шараларды «Оталық Қазақстан» облыстық газет бетіне жариялап, ақпараттық қолдау көрсетуге барынша атсалысты.

6) «QARAGANDY HABARY» газеті

Жоба аясында өткен «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы мен «Бала тілі - бал» фестивалі жөнінде мақалалар жарық көрді. Мақалалар газеттің баспа бетіне де, электрондық порталына да шықты.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы ролі	Ұйымның, серіктестің байланыс деректері	Ескерту
«Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ	Жобалық басқару	Қарағанды қаласы, Мұстафин көшесі, 6/4	
«Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ	Білім ұйымдарымен байланыс орнату	Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 19	
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Қарағанды облыстық филиалы	Облыстық байқауға қазылық ету, қатысушыларға сый тағайындау	Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғылы, 64	
«Кәусар» оқушылар сарайы» КММ	Ғимарат ұсыну	Қарағанды қаласы, Методическая көшесі, 63	
«Сауатқа Ақпарат» медиахолдингі	Ақпараттық қолдау	Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33	
«QARAGANDY HABARY» газеті	Ақпараттық қолдау	Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғ., 74а, 210-кеңсе	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тііс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже

